

"Денсаулық сақтау саласының кадрларын даярлықтан өткізу, олардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы құжаттарын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 3 қыркүйектегі № 337 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 27 қантардағы № 29 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 1 наурызда № 4070 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 17 маусымдағы № 163 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 17.06.2020 № 163 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Денсаулық сақтау саласының кадрларын даярлықтан өткізу, олардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы құжаттарын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 3 қыркүйектегі № 337 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3400 тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 26 қазан жарияланған мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Денсаулық сақтау саласының кадрларын даярлықтан өткізу, олардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы құжаттарды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Денсаулық сақтау саласының кадрларын даярлықтан өткізу, олардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы құжаттарды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – регламент) регламенті "Денсаулық сақтау саласының кадрларын даярлықтан өткізу, олардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы құжаттарды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 297 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11303 болып тіркелген) бекітілген "Денсаулық сақтау саласының

кадрларын даярлықтан өткізу, олардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы құжаттарды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі – стандарт) сәйкес әзірленді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті осы регламентке 1-қосымшаға сәйкес денсаулық сақтау саласындағы білім беру үйымдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижесі – "Медицина және фармацевтика кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау қағидаларын және қосымша медициналық және фармацевтикалық білім беру бағдарламаларын іске асыратын үйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 11 қарашадағы № 691 бүйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5904 болып тіркелген) денсаулық сақтау саласының кадрларын даярлықтан өткізу, біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы құжаттар не осы регламенттің 4-1-тармағында белгіленген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызметті көрсетеу жөніндегі рәсімнің (іс-қимылдың) басталуына негіз көрсетілетін қызметті алушының (не сенімхат бойынша оның екілі) құжаттары қоса берілген жүргінуі болып табылады:

1) осы регламентке қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш.

2) жеке куәлік (тұпнұсқасы және көшірмесі).

3) кету парағын емес білім алушының көрсетілетін қызметті берушілер алдында берешегінің жоқтығын растайтын өзге құжат.

Салыстырудан кейін жеке куәліктің тұпнұсқасы көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде көзделген тізбеке сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.";

мынадай мазмұндағы 4-тармақ толықтырылсын:

"4-1. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау негізінде мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан  
облысының әкімі*

*E. Сұлтанов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК